

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Қазақ музыкасының жастар арасында алатын орны

ЖАРИЯЛАНДЫ
26.03.2025СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/177182/**Таубаева Әсем Жұмагелдіқызы***Батыс Қазақстан облысы Бөкей Ордасы ауданы**Балалар музыка мектебінің қобыз сыныбының оқытушысы.*

Ең бірінші бұл тақырып байыпты зерттеу мен талдауды талап ететін тақырып болып есептеледі. Қазіргі таңда көп тыңдалатын музыка ол әрине, заманауи Батыс музыкасы. Бұл музыка әртүрлі мәдениеттерде, соның ішінде қазақ жастарының арасында кең таралған және ықпалды музыка түрі. Бұл музыкадағы құндылықтар ән мәтіндері, әртістердің киетін киімдері, сондай-ақ сол әртістердің ұстанатын өмір салты арқылы көрінуі мүмкін.

Заманауи Батыс музыкасының әндері діни құндылықтарға сүйенбейді, бұл музыкатыңдаушылардың әртүрлі эмоциоларын тудыруы мүмкін. Мысалы: музыканың мәтіндерін денасихаттайтын құндылықтары материализм, эгоизм болуы мүмкін, ал бұл діни құндылықтарға қарама-қайшы ұғым.. Бұның өзі жастардың санасының өзгеріуіне алып келе алады. Алайда музыка өнерінің әсері жастардың діни санасына өзгерістер алып келетіндігін атап өткен жөн. Музыка бұл өзін-өзі көрсету, шабыт пен рухани даму көздерін іздеу тәсілі.. Музыка діни және рухани идеяларды тарату құралы бола алатындығын ұмытпау керек. Бұл тақырып зерттеушілер үшін де, педагогтар үшін де маңызға алынуы тиіс, өйткені музыка қазақ жастарының діни санасының қалыптасуына әсерін түсіну рухани-адамгершілік тәрбиенің тиімді жолдарын әзірлеуге ықпал етуі мүмкін.

Бұл тақырыпты талқылау кезінде ескеру қажет тағы бірнеше аспектілер бар. Олардың бірі — музыкалық жанрлар мен стильдердің тыңдаушылардың эмоционалды жағдайы мен ішкі әлеміне әсері. Кейбір музыкалық жанрлар жастардың дүниетанымы мен құндылықтарының көзқарастарына, яғни соның ішінде олардың дінгедеген көзқарасына әсер ететін белгілі бір эмоцияларды тудыруы мүмкін. Сондай — ақ, заманауи музыка тек дыбыстар ғана емес, сонымен қатар орындаумен бірге жүретін визуалды бейнелер екенін ескеру маңызды. Музыкалық бейнелер, концерттер, альбомдар және т.б. бейнелер жастардың қабылдауы мен көзқарасына әсер етуі

мүмкін. Тағы бір маңызды фактор-музыканың контексті. Интернет пен әлеуметтік медианың дамуын ескере отырып, музыка барлық жастағы адамдарға қол жетімді екені белгілі және жастардың немесе кішкентай баланың не тыңдайтыны өз еркінде. Заманауи Батыс музыкасының діни сананың қалыптасуына әсерін түсіну мәдени, әлеуметтік, эмоционалды және психологиялық аспектілерді қоса алғанда жәнәкөптеген факторларды ескере отырып қарастырылуы керек.

Мысалы қазіргі таңда көптеген әлеуметтік желілерде Doja Cat және Cardi B сияқты әртістердің әндері мен шығармашылығы жастар арасында атаққа ие. Бұл музыка көбінесе поп-мәдениетімен байланысты, олар әртүрлі мәдени контексттерде, соның ішінде қазақ жастарында діни сананы қалыптасуына да әсер етуі мүмкін. Мұндай әндерде дәрекі лексиканлар, ашық тақырыптар және әртістердің көптеген бейнелері қолданылады. Бұлдіндегі дәстүрге байланысты консервативті құндылықтар мен нанымдарға қайшы келуі мүмкін. Мұндай мәтіндер, әндер және сол әндердегі көрсетілген құндылықтармен, көзқарастар адамның дүниетанымына әсер етуі мүмкін. Алайда, мұндай музыкаға реакциялар әр түрлі болуы мүмкін. Көптеген жағдайда жастар үшін музыка ол өзін-өзі көрсетудің бір түрі немесе ойын-сауық ретінде қабылданады және бұны қазіргі мәдениеттің бір бөлігі ретінде қабылдауды ескеру маңызды. Кейбір жастар бұл музыкаға үстірт қарауы мүмкін, ал басқалары мәтіндерді тереңірек зерттеп, талдай алады немесе сыни көзқарастарын қолдана алады.

Қорытындылай келгенде бұл тақырып мәдениетаралық диалогтарға үлкен мүмкіндіктер ашады, өйткені әртүрлі музыка жанрлары мен сол музыкадағы тенденциялардың діни санаға әсерін зерттеу, әртүрлі мәдени топтар арасындағы түсініктерді тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.